

СӨЖ №5 тақырып: Қазіргі қазақ лексикасының қолданылу шеңбері.

Сабақтың мақсаты: Қазақ тіліндегі сөздер қолданылу өрісі (таралу шеңбері), стильдік қызметі жағынан әр түрлі болып келеді. Сөздердің қолданылу сипатына қарап жіктелетін түрлері үш салаға бөлініп қаралады: 1. Сөздердің қолданылу өрісіне байланысты түрлері. 2. Сөздердің стильдік қызметіне байланысты түрлері. 3. Сөздердің актив және пассив қолданылатын түрлерін түсіндіру.

Негізгі сұрақтар:

1. Сөздердің мағыналық қатысына қарай жіктелуі;
2. Табу және эвфемизмдер;
3. Табу және эвфемизмдерді пайдалана отырып кез-конспект жасау;

Тапсырма: Қазіргі қазақ лексикасының қолданылу шеңбері туралы ережені жазып, диаграмма құру.

Жалпылама лексикаға жататын сөздер өзінің тура мағанасынан ауытқып, басқадай контекстке түскенде ғана әртүрлі экспрессивті мәнге ие болды. Мәселен, Көйлектің кірі жуса кетеді, көңілдің кірі айтса кетеді дегенде кір сөзі екі түрлі мағынада жұмсалып тұр. Алғашқы сөйлемдегі кір таза емес деген өзінің тура мағынасында қолданылса, соңғы сөйлемдегі кір метафора ауыспалы мағынада келіп, өкпе, реніш дегенді білдіріп тұр. Сол сияқты Су жерді көгертеді, еңбек ерді көгертеді деген мақалдағы көгертеді деген етістікте екі түрлі мағына тудырып тұр. Алғашқысында тура мағынасында жерге көк өсіп, көктейді дегенді түсінсек, соңғысында адамның атақ абыройға ие болуы, даңққа бөленуі бейнеленген. Демек, жалпылама лексикаға қатысты, сөздер де өзгермейтін тұмаға-тұйық сөздер емес, бұларда басқадай синтаксистік құрылым мен өзгедей грамматикалық тұлғаларға ие болғанда, солардың ықпалына жүріп, ырқына көнеді де, түрліше экспрессивті мән алып отырады. Жалпылама лексика тілдегі қолдану өрісі тар, өзіне тән белгілі стильдік мәні бар сөздерге қарама-қарсы қойылып қаралады.

Есеп беру формасы: жазбаша жұмыс

Тапсырманы орындау және студенттердің білімін бағалау мерзімдері: 10 апта